



# 175 ЖЫЛ

ұлы Абай Құтанбайұлының  
мерейтойы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында елімізде күтіліп отырған бірегей шара – ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойын өткізудің, оған жаппай халық болып дайындалудың қаншалықты маңызды және қажетті екені айтылды. Бұл шаралар «той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек», – дейді Президент сөз басында мәселені бірден ашып.



## Адамдықтың қайнары

Данғазалықты уақыт көтермейді. Данышпан ақын айтқандай, «бекер мал шашпастан» арылатын кезіміз жетті. Сондықтан ұлы ақынға арналған 500-дің үстіндегі іс-шара уақыт талабына сай жаңаша деңгейде атқарылуы тиіс деген Қасым-Жомарт Кемелұлы ой-толғамдарын «Ұлттық болмыстың үлгісі», «Мемлекет ісінің мүдделісі», «Жаңа қоғамның жаныштыры», «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы», «Торқалы тойдың тағылымы» деген мақала тақырыптарында түйіп айтады.

Абай заманы мен бүгінгі уақыт бір емес. Алайда ортақ мәселелер жеткілікті. Әсіресе, сол кездегі қазақ қоғамына терең үйілген хакім Абай халықты кері тартатын дертті тамыршыдай дәл танып, алдыңғы қатарлы мәдениетті елге қайтсек жетеміз, кім болуымыз керек, ел болашағы – жастардың бойында қандай қасиеттер болсын, неден қашсын, неге ұмтылсын, жақсылығымыз қайтыс, жамандығымыз неде деген тәрізді өмірлік сұрақтарға жауап іздеді. Батысқа, Шығысқа үңілді, ой қорытты, жол нұсқады. Міне, сол кездерде Абай айтқан ашы шындық, ескертулер мен міндер бүгінгі Тәуелсіздік заманында да алдымыздан аңдағайлап шығып отыр. Жойылып кеткен жоқ. Өз бетінше жойылар түрі де жоқ. Одан арылудың жолын тағы да Абайдан іздеуіміз керек.

Бұл ретте Президент Қ.Тоқаев жалпылыққа бармай, Абайдың өзіне жүгініп, ХХІ ғасырдағы бүгінгі Қазақстанның көкейкесті мәселелерімен байланыстырады. Адам өміріндегі білім мен ғылымның, көп тіл білудің, оны ел игілігіне жұмсаудың манызын Абай терең сезінген. Автор ұлы ақынның «Ғылым таппай мақтанба», «Пайда ойлама, ар оила, Талап қыл артық білуге», «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» деген ой толғамдарын қазіргі уақыт талабымен сабақтастыра талдай отырып, бүгінгі заман үшін өте маңызды интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алғанын алға тартады.

Интеллектуалды ұлт – бүгінгі уақыттың да өзекті мәселесі. Бұл ыңғайда тағы да ұлы ақынға жүгінеміз. Ал Абайда интеллектуалды ұлт болудың жайына арналған қазыналы ой мол. Алысқа бармай-ақ мына бір ұлағаттай сөзіне назар аударалық: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен озым ғой демектің бәрі де ақымақшылық» дейді ол. Міне, бұл біздіңше, интеллектуалды ұлт болудың негізгі қағидаларының

бірі деп білемін. Бұл ғыбатты ой-толғауды оқып, жалаң жаттап алу аз, оны мемлекет басқарып отырған шенеуніктен бастап қарапайым еңбек адамына, от-жалыны бойындағы еліміздің болашағы – қарымды жастарға дейін өмірлік ұстанымына айналдырса, еліміздің жетер биігі, алар асуы жоғарыда болмағы сөзсіз.

Әділетті қоғам құру Абайдың басты арманы болатын. Президент Қ.Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру тұжырымдамасы әділетті қоғам құру мақсатымен үндескен Абай арманының орындалуы деп білеміз. «Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал», – дейді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Ашық диалогтер аланын құру ел мүддесі, ұлт мұраты ортақ екенін білдіреді.

Абай өз заманында-ақ бұл бағытта сындарлы ойларын айтқан. «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды», «Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ», «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып» деп келетін ой-толғамдардан туындайтын келелі мәселелерді мақала авторы орынды тарата айтып, әрқайсымызға үлкен ой салады, қоғам алдындағы жауапкершілікті жүктейді. Қазіргі кезде популизм теріс тенденцияға айналып барады. Әлеуметтік желілерді пайдаланып, тасада отырып, қазіргі заманның тыныштығына, халықтың берекелі тірлігіне тас ата-тіндерді кім-кім де біледі. Олар небір сұрқия ойларымен, «түймедейді түйедей етіп» көрсетуімен халықты адастырғысы келеді. Жалаң ұран, қызыл әсіре сөзді судай сапырады. Шындап келгенде, бұл елдің дамуын кенже қалдыратын, ұлттың бірегейлігін әлсірететін қауіпті құбылыс екеніне назар аударылады. Президент Абай айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені қор көріп, өзін зор тұту, өнімсіз дау қуу адамдықта да, елдікте де жараспайтынын еске салады.

ХХІ ғасырдағы жаңа қоғамда қандай қасиеттерді бойымызға сіңіруіміз қажет дегенде, тағы да ұлы Абайдың даналық философиясы алдымыздан шығады. Ақынның «Толық адам» формуласы қазақ халқының өмірлік философиясына айналуы тиіс дейді Президент Қ.Тоқаев. Ал «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық бола-сың елден бөлек» деп келетін «Толық адам» формуласын халық болып терең зерделей алдық па? Бұл –

үлкен сұрақ. Сондықтан да Абай мерейтойын өткізу, жоғарыда айтқандай, жай той тойлау емес, ғұламаның дүниетанымына, ұстанған өмірлік концепциясына, ұлтқа ұсынар бағдарлама-сына кешенді зерттеулер жүргізу, оны халыққа жеткізу, қарапайым сөзбен түсіндіріп бойына сіңіру, өмірлік қағидаға айналдыру екенін алға тартады.

«Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласынан, мемлекетті басқару мен білім жүйесінен, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін», – дейді автор.

Абай айтқан өсиет бүгінде де маңызды. Масылықпен күрес, уайымсыз салғырттыққа, бостекі ойын-күлкіге салынбау, еңбектің қадірін білу, кәсіппен шұғылдану, шаруақорлық дағдыларын бойға сіңіру жөніндегі ой-толғаныстар қазіргі кездің де басты қағидасына сөйкес келетіні сөзсіз. «Ерінбей еңбек қылса, түнілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?» – дейді Абай. Тура бүгінгі уақыттың сөзі емес пе? Кәсіпкерлікке кен жол ашылып отыр. Кәсібинді тап, еңбектен, ізден, бұл – мемлекетіміздің ұстанып отырған басты бағыты.

Ұлы Абайды өзіміз ғана танып қоймай, әлемге таныту, Қытай елі Лао-цзы, Конфуциймен, Ресей Достоевский, Толстоймен, Франция Вольтер, Руссомен танылса, келешекте «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деген іттипатты иеленуі керек дейді Президент. Бұл, әрине өз-өзімен атқарыла калатын шаруа емес. Ол үшін Абай еңбектері әлем тілдеріне: ағылшын, араб, жапон, испан, италиян, кытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне аударылуы керек деген міндет қойылады. Абай туралы деректі фильм мен теле-сериялардың түсірілуі, республикалық, халықаралық деңгейде театр және өнер фестивалдерінің өтуі, әдебиет және өнердің үздік туындыларына Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың тағайындалуы ақын тойының жай той емес, Елбасы айтқан рухани жаңғыру саласындағы үлкен серпіліс болатынын білдіреді.

Бұл кім-кімге де үлкен жауапкершілік міндеттейді. М.Дулати атындағы Тараз университеті де бұл бағытта ауқымды жұмыстарды жүргізеді дегім келеді. Өйткені Абай тойы халық тойы, рухани серпіліс, жаңғыру шарасы болмақ.

Махметгали  
САРЫБЕКОВ,  
М.Дулати атындағы  
Тараз мемлекеттік  
университетінің ректоры